

## Жергілікті автомобиль жолдарының торабын кеңейту туралы

### *Күші жойғал*

II шақыралған Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының III сессиясының 2000 жылғы 28 наурыздағы N 3/9-II шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 20 сәуірде N 305 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 03 шілдедегі № 4/63-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012.07.03 № 4/63-V шешімімен.**

Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 1997 жылғы 4 ақпанда мемлекеттік акционерлік "Белогор тау кен-байыту комбинаты" қоғамының банкроттығы туралы іс қозғауына байланысты ұзақтығы 7 км "Төменгі Тайынты-Ақтау кенті" автомобиль жолы иесіз қалды.

"Турбазаға кірме" автомобиль жолы облыстың жергілікті жолдар жүйесіне енгізілмеген және оны ешкім қызметпен қамтымайды. Қазіргі кезде, біздің облыста спорт пен туризмнің дамуына, Олимпиадалық резервтің таушаңғылық базасын құруға, осы бағыт бойынша қозғалыс жиілігінің артуына байланысты осы жолды қызметпен қамту қажеттілігі туындады. "Қазақстан Республикасы жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-шы бабына негізделі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 ақпандағы N 221 Қаулысы мен зерттеу актісіне сәйкес ШҚ облыстық М ә с л и х а т ы Ш Е Ш Т І :

Жергілікті автомобиль жолдары торабына мыналар енгізілсін:

- 1) ұзақтығы 7 км "Төменгі Тайынты - Ақтау кенті" автомобиль жолы;
- 2) ұзақтығы 8 км "Турбазаға кірме" автомобиль жолы.

*III Сессиясының төрағасы:*

*Облмәслихат хатшысы:*